# Үй тапсырмасы

1.Сөзжұмбақ құрастырып келу

2.Астана жайында қызықты мәлеметтер біліп келу.

# Өткен сабақты қайталау

| Нені білдім | Нені түсіндім |
|---|---|
| | |



# РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР

**Тыныс белгілері. Үтір белгісінің қойылу себебі.**

# СӨЗДІК - СЛОВАРЬ

| **өз атынан** | **от своего имени** |
|---|---|
| жауапкершілік | ответственность |
| сеніп тапсыру | доверять |
| куәландыру | заверять |
| мәміле жасау | сделка |
| уәкілдік | полномочие |
| қол қою | подписать |
| рұқсат беру | разрешить |
| жылжымайтын мүлік | недвижимость |
| пайдалану | использовать |
| себеп | причина |
| өкіл | представитель |
| сенімхат | доверенность |
| жүзеге асыру | осуществлять |
| сенімді тұлға | полномочный представитель |

# Артық болмас білгенің

1. Танысыңыз.



# ТАНЫСЫҢЫЗ

## Сенімхат

***Сенімхат*** — сенім білдірушінің өз атынан өкілдік ету үшін екінші тұлғаға берген жазбаша уәкілдігі.

Сенімхат

# ТАНЫСЫҢЫЗ

Сенімхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі: • *құжат атауы;*

• *күні, айы, жылы, мекенжайы;*

• *сенімхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);*

• *сенім білдірілетін тұлға туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);*

• *сенім білдірілетін әрекет түрі;*

• *нотариалдық мекеме мөрі.*



# Жаңа сабақ

Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады. Бұл - тыныс белгілерінің басты қасиеті.

Мысалы: Бұл келген - сол Есіл бойындағы Қарасарт ауылының жиені, Жүсіп баласы Қожаш

Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады.Бұл - тыныс белгілерінің басты қасиеті.

**Сөйлемдердің соңындағы тыныс белгілерін қойыңдар.**

- Теңбіл Торғай, мен шаршадым, - деді бала жыларман болып, аузы кемсеңдеп түйежапырақтың түбіртегіне сүрініп кетіп, етпетінен құлады
Қанатын қобыратып, мамыған дүрдитіп, сілкініп-сілкініп қойды Жан-жаққа жар салғысы келгендей, аянышты, жалынышты үнмен ұзақ шырылдады
- Ей, тыңдаңдар, мұнда аш бала жатыр Бір үзім нан беріңдер, бір жұтым айран беріңдер Келіңдер, келіңдер деп зар қақты Оның тілін түсінген ешкім болған жоқ

***Сенімхат*** **- белгілі, дәлелді себептерге байланысты өзі атқара алмайтындай жағдайда нақты ісәрекеттің орындалуын басқа адамға тапсыру үшін жазылады. Сенімхат - құжат иесі басқа біреуге бір істі атқаруға өз атынан оның құқын пайдалануға рұқсат беретін құжат түрі. Сенімхатты мынадай ақша түрлерін алу үшін пайдалануға болады: жалақы, зейнетақы, алимент, ақша аудару т.б. Сондай-ақ сатып алу, сату, үй ауыстыру, басқару, автокөліктерді сату, ауыстыру т.б. әрекеттерді сенімхат арқылы жүзеге асыруға болады. Сенімді өкілге сотта, кәсіпкерлікте іс жүргізуді, банктегі есепшотқа иелі етуді т.б. сеніп тапсыруға болады. Үлкен жауапкершілі жүктейтін іс-әрекетті орындауға немесе қымбат мүлік алуға берілген сенімхат нотариалдық тұрғыдан куәландырылуы мүмкін. Кей жағдайда қойылған қолдар сенімхатта көрсетілген адамдар жұмыс істейтін мекемелердің кадрлық қызмет көрсету орындарымен де куәландырылуы мүмкін. Сенімхат ұйымдар тарапынан өз қызметкерлеріне де беріледі. Бұл жағдайда сенімді өкілге қандай құқықтар берілетіні дәл көрсетіледі. Ондай құқықтарға келісім жасау, фирма атынан келіссөз жүргізу, жұмысшы жалдау немесе тауар қабылдаулар жатады.**



# Тиісті қосымшаны жалғаңыз

-ЫП

-ІП

-П

1. Асқар оларға сенімхат жаз__________ береді.
2. Нотариус сенімхат мәтінін тексер__________ береді.
3. Олар сенімхат мәтінін жаз__________ көрді.
4. Заңгер құжаттың мәтінін тексер__________ береді.
5. Олар сенімхат арқылы ақшаны ал__________ береді.
6. Ол ақшаны нотариус кеңсесінде сана__________ алды.
7. Азамат автокөлігін сенімхат арқылы сат__________ алды



# Сурет бойынша сөйлем құраңыз




1. ***Ажар қонақтарға ән айтып берді.***

2.________________________________________________

3.________________________________________________

4.________________________________________________

5.________________________________________________

6.________________________________________________

7.________________________________________________



# Сабақты бекіту

1.Сөйлемге қажет тыныс белгісі: Шіркін, бұрынғының әндері-ай
а)нүкте
ә)сұрау белгісі
б)леп белгісі
в)көп нүкте
2.Ойдың аяқталмағандығының белгісі:
а)үтір
ә)леп белгісі
б)көп нүкте
в)сұрау белгісі
3.Қуанышты сөйлемдерден соң қойылатын тыныс белгісі:
а)сұрау белгісі
ә)көп нүкте
б)леп белгісі
в)нүкте

4.Соңына сұрау белгісі қойылатын сөйлемдер:
а)лепті
ә)сұраулы
б)хабарлы
ә)бұйрықты
5.Мына ...... сөздерінен соң леп белгісі қойылады:
а)жаңалық
ә)бірталай
в)бәрекелді,апырай
б)қолайлы
6.Тыныс белгісі қате қойылған сөйлем:
а) Он жетінші пойыз тоқтайды ғой?
ә) Мен естігенімді ұмытпаймын
б) Мен оны қалай ұстап отырмақпын.
в) Балалар шын қуанды.

# Үйге тапсырма

**Берілген өлең жолдарының авторын тауып, тыныс белгілеріне назар аудару.**

1. Ести сала садағын қолына алды,
«Мамырдан аулақ жүр!» - деп айғай салды.
Ұялмай жүзіқараның жүргенін деп,
Аямай дәл жүректен атып салды.

2. Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл.

3. Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам!

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!